



КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Президент жаңа
бастамаларды ұсынды

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №109 (6671) 9 желтоқсан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

МҰЗ АЙДЫНЫ ЖАҢАРАДЫ

Дархан Сатыбалды «Медеу» спорт кешеніндегі жөндеу жұмыстарымен танысты

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында «Медеу» биік таулы спорт кешеніне барып, жүргізіліп жатқан жаңарту жұмыстарымен танысты. Қала басшысы жаңғырту кезінде Алматының спорттық және мәдени мұрасының бір бөлігі саналатын аңызға айналған мұз айдыны кешенінің тарихи келбеті толық сақталатынын атап өтті.

Жоба аясында халықаралық стандартқа сай заманауи әрі энергия үнемдейтін кеңістік құру жоспарланған. Бұл үшін жаңа тоңазытқыш жабдығын орнату және инженерлік коммуникацияны толық ауыстыру көзделген.

Шығыс қанаттағы қонақүй жаңартылып, батыс трибунада кофеханалар мен демалыс аймағы орналасқан терраса жасалады. Кешен алдында жерасты паркінгінің үстінде «SUN-DECK» аталатын көпфункционалды қоғамдық кеңістік форматындағы демалыс аймағы пайда болады.

Іргелес аумақты көркейтуге ерекше көңіл бөлінген: жүргіншілер аймағы, шолу алаңдары және панорамалық нүктелер жасалады. Сонымен бірге, көгалдандыру, заманауи және сәулеттік жарық беру орнатылады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін екі жеделсаты қарастырылған.

«Медеу» биік таулы спорт кешенін жаңарту жұмыстарын 2027 жылы төртінші тоқсанда аяқтау жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

күшейтілген жұмыс тәртібіне көшті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Қазгидромет» РМК мәліметінше, Алматыда 8–10 желтоқсан аралығында қар аралас жаңбыр жауып, тұман түсіп, жел күшейеді, сынап бағанасы күрт төмендейді. 10 желтоқсанға қараған түні қалада 6–9 см, ал таулы аймақта 15–20 см қар түсуі мүмкін. Циклон өткеннен кейін 11 желтоқсанныан бастап жауын-шашын тоқтап, түнгі температура –13...–15°С-қа дейін төмендейді.

Ауа райының бұзылуына байланысты қаланың коммуналдық қызметі күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшті. Өндірістік базаларда жүргізушілер, механизаторлар мен жұмысшылар тәулік бойы кезекшілікке қойылды. Бұл туралы Алматының Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілдері айтты.

Тәулік бойы 1000-нан астам арнайы техника мен 2,7 мың жұмысшы жұмылдырылмақ. Еңіс, дөң және өзге де қауіпті учаскеде тайғақты уақытылы анықтап, жою үшін жолға патрульдік бақылау күшейтілді, барлығы 75 жедел брига-

да кезекшілік етеді. Алматы қаласының Құтқару қызметінің 15 техникасы мен 50 қызметкері, ал Төтенше жағдайлар департаментінің 53 техникасы мен 244 маманы кезекші болуға дайын.

Сонымен қатар, қала әкімдігінде, аудан әкімдіктерінде, Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасында, «Алматы Тазалық» кәсіпорнында және мердігер ұйымдарда жұмысты бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды. Қар жауғанға дейін негізгі магистральдарға көктайғаққа қарсы қоспаларды алдын ала себу жоспарланған.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





(Дереккөз: akorda.kz).

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Президент жаңа бастамаларды ұсынды

5 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты. Президент жиындағы сөзінде кәсіпкерлердің әлеуметтік мәртебесі, оларға жасалынып жатқан мемлекеттік қолдау шаралары мен саладағы түйткілді мәселелерге тоқталған болатын.

ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде кәсіпкердің қоғамдағы орнына айрықша тоқталды. Президент отандық кәсіпкерлерді экономиканы дамытуға үлес қосып қана қоймай, әлеуметтік жауапкершілікке ие екенін атап өтті. Бұдан бөлек, мемлекет әрдайым кәсіпкерлерге қолдау көрсететінін мәлімдеді. Мысалы, биылдан бастап 29 қазан – «Қазақстан кәсіпкерлері күні» болып ресми бекітілді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытып, қайырымдылық істерге мол үлес қосқаны үшін еліміздің үздік кәсіпкерлеріне берілетін арнайы марапат – «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Бұл жәй ғана саяси-идеологиялық шешімдер емес, кәсіпкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруға жасалған қадамдар болып саналады.

Президент экономикадағы жетістіктерімізге де тоқталып өтті. Негізгі табыстар қатарында биыл Қазақстан экономикасы 6%-ға өсуі, өңдеу өнеркәсібіндегі қосымша құн көлемі бес жылдағы 25 пайыздан астам өсімі, мұның тау-кен саласынан едәуір жоғары көрсеткіш екені, ал соңғы жылдары негізгі капиталға тартылған инвестиция 70 пайызға көбейгені аталды. Бұған қоса, нақты сектордағы еңбек өнімділігі 40 пайызға артып, шикізаттық емес экспорт көлемі 2 есеге жуық ұлғайды. Тауарын шетелге өткізетін кәсіпорындар саны 3 есе көбейді, соның арқасында бүгінде өнімдеріміз 140 мемлекетке шығарылады.

Ал елімізде шағын және орта бизнес субъектілерінің саны бес жылда 1,5 есе артып отыр.

БАСТЫ МІНДЕТТЕР

Отандық кәсіпкерлермен болған басқосуда Президент тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бағытында шешімі табуы тиіс мәселелер де алға қойылды. Бұл аталған мәселелер алдағы уақытта Үкіметтік осы бағыттағы іс-қимылдарының негізгі басымдықтары қатарына енген. Оларды санамай айтар болсақ:

Бірінші, Үкіметке Жаңа Салық кодексіне байланысты кәсіпкерлерден түсіп жатқан талап-тілектерді мұқият саралауды тапсырды. Бұдан бөлек, цифрлы құралдарды қолданып, салықты әкімшіндіруге мән беруге шақырды.

Екінші, Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы өзгеруі тиіс. Ол үшін цифрландыру мен ЖИ енгізу арқылы әкімшілік кедергілерді азайтып, мемлекеттік қолдау шараларының ашық әрі тиімді болуын қамтамасыз ету қажет екенін айтты.

Үшінші, экономиканы сапалы дамыту үшін реформаларды жалғастыру. Реформаның мәні бағаның еркін нарық талаптарына сай қалыптастыру, мемлекет иелігінен жаппай шығару және икемді реттеу саясатынан көрініс таппақ. Яғни экономиканы ырықтандыру саясаты жалғаса береді.

Төртінші, бизнестің мүддесі мен құқығын қорғау басты міндеттердің бірі болып саналады. Осыған орай құқық және сот жүйесін жаңғырту үдерісі жалғасады. Мысалы, биыл ірі инвесторларға арналған «Жасыл дәліз» жүйесі іске қосылды. Сондай-ақ, әкімшілік Әділет институты пайда болды.

Бесінші, Президент экспортқа шығатын өнімдердің үлесін арттыруды тапсырды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы креативті индустрия мен ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне назар аударуға шақырды.

ЖЫЛДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Биылғы «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсының жеңімпаздарына қарай отырып,

еліміздің барлық аймағында кәсіпкерлік ұқсас қарқында дамып жатқанын байқаймыз. Өндіретін өнімдердің де әралуандығы қуантады. Үш сыйлықтың ерекшелігі бір саланың ғана емес, кәсіпорындардың көлеміне қарай да үздіктерді анықтайды. Мысалы, «Алтын сапа» сыйлығы мынадай салалар бойынша үздіктерге берілген:

- **Үздік индустриялық жоба («Karlskrona LC AB» ЖШС (Шымкент қ.), сорғы және электротехникалық жабдық шығарады);**
- **Үздік инновациялық жоба («AG TECH» ЖШС (Астана қ.), өндіріс үшін Автоматтандыру және БҚ жүйелері);**
- **Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорындар («Силумин-Восток» ЖШС (ШҚО) – цифрлық инфрақұрылым және локализацияланған жабдық; «KSC-PLAST» ЖШС (Алматы қ.) – пластмасса бұйымдары және медициналық жиназ; «OSS Kazakhstan» ЖШС (Маңғыстау облысы) – мұнай жабдығы);**
- **Халық үшін тауар шығаратын үздік кәсіпорындар («Абди Ибрахим Глобал Фарм» ЖШС (Алматы облысы) – фармацевтика; «Азурит» ЖШС (Қостанай облысы) – арнайы киім, мектеп формасы, ортопедиялық бұйымдар; «SAGITEX GROUP» ЖШС (Шымкент қ.) – трикотажд);**

– Қызмет көрсететін үздік кәсіпорындар («Марал-Нұр» ЖШС (Қызылорда облысы) – жолаушылар темір жол тасымалы; «Astana Hotel Project – Holiday Inn Express Astana Turan» ЖШС (Астана қ.) – қонақүй қызметтері; «Зару» ШҚ (Ақтөбе облысы) – санаторий-курорттық қызметтері);

- **Азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорындар («Эмиль» ЖШС (ШҚО) – сүт өнімдері; «Әулие-Ата Феникс» ЖШС (Жамбыл облысы) – құс фабрикасы; «MG» ШҚ (Алматы облысы) – тұщы су балық шаруашылығы).**
- **Ал «Қазақстанның үздік тауары» сыйлығы бойынша:**
- **Үздік өндірістік тауарлар («Азия-фильм» ЖШС (Ақмола облысы) –**

өндірістік фильтр; «АгромашХолдинг КЗ» АҚ (Қостанай облысы) – тракторлар мен комбайндар; «Жаңа технологиялар – Тараз» ЖШС (Жамбыл облысы) – турниктер);

- **Халық үшін ең жақсы тауарлар («PAPIRONE» ЖШС (Алматы қ.) – тұрмыстық қағаз өнімдері; «Sem Brand» ЖК (Түркістан облысы) – жұмсақ жиназ; «WEC Trade» ЖШС (Қарағанды облысы) – жуғыш заттар);**
- **Үздік азық-түлік тауарларды («Асыл дән LTD» ЖШС (Қызылорда облысы) – күріш; «Бижан» ет өңдеу кешені ЖШС (Ақмола облысы) – ет өнімдері; «Айсберг ПВ» ЖШС (Павлодар облысы) – азық-түлік жартылай фабрикаттары) өндірушілер анықталған.**

«Парыз» сыйлығы жұмысшы мамандықтардың корпоративтік және әлеуметтік мүдделерін қорғау және қолдау саласындағы озық тәжірибелерді насихаттайды. Бұл сыйлық бойынша келесі номинациялар бойынша үздіктер анықталған:

- **Әлеуметтік жауапкершілігі үздік кәсіпорын («Камышинское» ШҚ);**
- **Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын («ДСК GLB» ЖШС);**
- **Үздік ұжымдық шарт жасасқан кәсіпорын («МехЛитКом» ЖШС);**
- **«Экологияға» қосқан үлесі үшін марапатталған кәсіпорын («Lucrum star»).**

Сондай-ақ, әр сыйлық бойынша ірі, орта және шағын кәсіпорындар да марапатталғанын айта кеткен жөн. Бұл марапат иелерін анықтаудың барынша әділ болғанын көрсетеді.

Бұлардан бөлек, кәсіпорындар арасынан «Адал азамат» сыйлығын алған үздіктер болды. Үздіктердің қатарында «Орал Таза Сервис» ЖШС, «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС, «Төлеген санаториясы» ЖШС, «Qaz Granit» ЖШС, «Идеал Түркістан» ЖШС, «Ақбөбек оңалту орталығы» ЖШС, «Eco Madeniet» ЖШС кәсіпорындары болды.

**Әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ.**



БАЙЫПТАМА

КЕЛЕШЕККЕ ҚАЗІРДЕН:

Оңтүстікте суару маусымына дайындық пысықталды

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев 4-5 желтоқсанда Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарына жұмыс сапарымен барды. Вице-премьердің оңтүстік өңірлерге жасаған жұмыс сапарларында 2026 жылғы вегетация (суару) маусымына дайындық мәселесі талқыланды.

Су – аймаққа ортақ мәселе

Су мәселесі Орталық Азия елдеріне ортақ әрі өзекті тақырып болып саналады. Ол ауыл шаруашылығына, өндіріске және халық тұтынатын ресурс ретінде аймақ елдерінде қолданылады, әрі Қазақстан үшін өте өзекті. Әсіресе, оның тапшылығы оңтүстік өңірлерімізде байқалады.

Осыған орай аймақ елдері компромисс негізінде түрлі келісімдерге келуде. Мысалы, 1997 жылғы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы келісімге сәйкес Бішкек су беруге, ал Қазақстан мен Өзбекстан электр қуатымен бөлісуге уағдаласқан. Ал 2025 жылы 22 қарашада Алматыда үш мемлекеттің су-энергетикалық ведомство басшыларының отырысы өтті. Жиын қорытындысы бойынша тараптар 1997 жылғы келісімді растап, оны жалғастыруға келісті. Келісімге сәйкес Астана мен Ташкент күз-қыс мезгілінде Қырғызстанға электр қуатын, ал Бішкек жиналған судың бір бөлігін суару маусымында беруге уағдаласты. Мұндай келісімге келуге келесі жылғы Тоқтоғұл су қоймасында су көлемінің азаюы туралы болжам әсер етті.

Бұдан бөлек, аймаққа ортақ мәселені бірлесе реттеу мақсатында тұрақты түрде Орталық Азия елдерінің Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы жұмыс істейді. Бұл ұйым өңірдегі трансшекаралық су ресурстарын стратегиялық басқарудағы негізгі мемлекетаралық орган. Биыл комиссия отырысы екі рет өтті. 2025 жылы 14 тамызда комиссияның 90-шы отырысы Қазақстанда өткен. Жиынды ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев басқарды.

Іс-шараға Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстанның салалық және сыртқы саясатқа жауапты ведомстволарының өкілдері, сондай-ақ халықаралық қаржы институттары мен даму ұйымдарының өкілдері қатысты. Жиынды өткізуге агроклиматтық жағдайдың күрделілігі мен су ресурстарын әділ бөлу мәселесінің өзектілігі әсер етті.

Отырыста Қанат Бозымбаев биылғы вегетациялық кезең аса күрделі жағдайда өткенін атап өткен. Бірақ оның сөзінше, 2026 жылғы маусым биылғыдан да күрделі болуы мүмкін. Өйткені, жоғарыда атап өткеніміздей, Қырғызстандағы Тоқтоғұл су қоймасында су көлемі азаюы мүмкін деген болжам бар.

Осыған орай вице-премьер Тәжікстан мен Өзбекстанның су шаруашылығы ведомстволары басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді. Онда Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерін пайдалану мәселелері талқыланып, келесі жылғы вегетациялық кезеңге дайындық іс-шараларының жоспары айқындалды.

Комиссияның екінші отырысы 2025 жылы 13 қарашада Ашхабадта өтті. Бір жылда екінші рет өтуі алғаш-



қы отырыста тараптар ортақ мәмілеге келмегенін көрсетеді. Ал Ашхабадтағы отырыста 2025-2026 жылдардағы вегетацияаралық кезеңге арналған Нарын-Сырдария су қоймаларының жұмыс кестесі бекітіліп, Шардара су қоймасына келетін болжамды су көлемі келісілді. Бұл алдағы суару маусымында Түркістан өңірі шаруаларына қолдау болып саналады. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 92-отырысы 2026 жылы Тәжікстанда өтеді. Отырыс суару маусымының алдында немесе ортасында өтуі мүмкін.

Өңірлердің дайындығы талқыланды

2026 жылғы вегетациялық кезеңге дайындық тек Орталық Азия елдерімен келіссөздер арқылы емес, ішкі ресурстарды ұйымдастыру арқылы да жүруі тиіс. Осыған орай Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев 4-5 желтоқсанда Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарына жұмыс сапарымен барды. Онымен бірге Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров оңтүстік өңірлерде болды.

Үш өңірде де Үкімет мүшелері фермерлермен алдағы вегетациялық кезеңге дайындық, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелерін талқылады. Үкімет әсіресе, заманауи су үнемдеу технологияларын енгізуге аса мән беруде. Ресми мәлімет бойынша қазір бұл технологиялар республика бойынша 500 мың гектардан астам жерде қолданылуда. Үкімет 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 1,3 млн. гектарға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Мәселе мен оны шешу жолдары ортақ болғанымен, әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктері де жұмыс сапарларында ескерілген. Мысалы, Қызылорда облы-

сындағы кездесулерде алдағы вегетациялық кезеңдегі басты тәуекел ретінде Сырдария өзені бассейніндегі судың азаюы аталған. Бұл келесі жылы вегетация маусымында су тапшылығы болуы мүмкін деген сөз.

Дағдарысқа қарсы шаралар

Алдағы суару маусымында су тапшылығы орын алған жағдайда Үкімет дағдарысқа қарсы жоспарлар мен шаралардың легін де пысықтап қайтты. Айталық, Су ресурстары министрлігі су қоймаларының жұмыс режимдеріне қатысты бірнеше болжамдық нұсқа әзірледі. Онда келген судың көлеміне қарай оны бөлу және лимиттерді өзгерту сценарийлері анықталған. Ауыл шаруашылығы министрлігі болса ылғалды көп қажет ететін дақылдар алқаптарын қысқартуда. Сондай-ақ, құрғақшылыққа төзімді, аз су қажет ететін дақылдарды енгізу арқылы егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстарын жалғастырып келеді.

Бұдан тыс облыста 2026 жылы күріш егістіктерінің алаңын 70 мың гектардан асырмау туралы шешім қабылданды. Өңірде су үнемдеу технологияларын қолданатын егістік көлемі артып келеді. Егін алқаптарында су ысырап болмауы үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс суды 20%-ға дейін үнемдеп, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Осы әдіс арқылы биыл 60 мың гектар күріш алқабы тегістелген.

Ал Түркістан облысында қабылданған шаралар да өзінше ауқымды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, облыста алдағы вегетация кезеңінде күріш егілетін алқап 3,5 мың гектардан аспауы тиіс. Қанат Бозымбаев Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Достық» трансшекаралық каналы бойына күріш егуге тыйым салу ұсынысын қолдады. Күрішті тек «Қызылқұм» каналының бойында 3,5 мың гектар алқапта су үнемдеу технологияларын қолдана отырып өсіруге рұқсат етіледі.

Жамбыл облысына келер болсақ, онда су үнемдеу технологиялары 66,5 мың гектарда қолданылып жатыр. Оның ішінде жаңбырлатып суару жүйесі – 19,3 мың гектар, тамшылатып суару – 44,6 мың гектар, лазерлік тегістегішпен – 2,6 мың гектар.

Вице-премьер кездесулер соңында өңір жетекшілеріне маңызды тапсырмалар берді. Оның қатарында вегетациялық кезең басталғанға дейін облыс әкімдіктері диқандар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу; «Қазсуар» РМК-ға ылғалды көп қажет ететін дақылдарға бекітілген лимиттерге қатаң сәйкес келетін су беру шарттарын жасасу; Атқарушы органдар құқық қорғау органдарымен бірлесіп алдағы вегетациялық кезеңде «қара су нарығымен» күресті күшейтуі керек; Су ресурстары және ирригация министрлігіне 2026 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өңірлер бойынша су тұтыну лимиттерін 2026 жылдың 1 ақпанына дейін Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдау жүктелді. Сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігі 2026 жылдың 1 наурызына дейін ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егістік құрылымын нақты қолжетімді суару суының көлеміне сәйкес түзету тапсырылды.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



(Дереккөз: primeminister.kz)



САЯСИ ҚҰРЫЛЫМДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық таңдау



Коллажды жасаған Нұрсолтан ӘРІСҰЛЫ.

Әлемдегі саяси басқару модельдері қоғамның тарихи, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасады. Сол модельдердің бірі – бір палаталы Парламент. Бұл – заң шығару органының бір ғана палатадан тұратын құрылымы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауда бір палаталы Парламент құру жөнінде ұсынысты ортаға салды. Турасында, бұл ұсыныс қоғам тарапынан бұған дейін де көтеріліп келген. Өйткені, әлем елдерінің біразы осындай құрылымды тиімді деп тапқан.

Халықаралық Парламентаралық одақтың деректері көрсеткендей, дүниежүзіндегі парламенттік жүйе бір палаталы және екі палаталы болып бөлінеді. Қазақстандағы қос палаталы Парламент жүйесін 1995 жылы сол кездегі саяси жағдайлар негізінде қалыптастырған болатын, айталық, саяси жағдайлардың талабына сай Парламенттің жоғары палатасы ретінде Сенат палатасы құрылды. Бұл қадамның маңызы жайында Мемлекет басшысы: «Ол

кезде мемлекетіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді», – деген еді халыққа Жолдауында.

КЕҢ ТАРАҒАН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ

Қазір заң шығарушы билік тармағын реформалау мәселесі қоғамдық кең талқының ортасында. Егер халық бір палаталы Парламент құру жөнінде ортақ мәмілеге келсе, заң шығару процестерін икемді ете түсері сөзсіз. Дегенмен, аталған жүйені тек партиялық тізім бойынша сайлау мәселесі түрлі қызу пікірталастағы тақырып болып отыр.

Бүгінде 27 ел мүшелікке енген Еуроодақтың 15 елінде Парламент – бір палаталы. Атап айтқанда, Эстония, Латвия, Литва, Дания, Мажарстан, Португалия, Швеция, Финляндия, Грекия – бір ғана заң шығарушы органға ие елдер. Мәселен, Эстонияның Рийгигогу Парламентінде 101 депутат бар. Олар 4 жылдық мерзімге пропорционалды сайлау жүйесі арқылы сайланады. Ал Швеция 1971 жылға дейін екі палаталы болғанымен, кейін бір палаталы Парламент болып қай-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Азаматхан ӘМІРТАЙ,
«Байтақ» жасылдар партиясының
төрағасы:**

РЕФОРМАНЫ КЕЙІНГЕ СОЗУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Қазір елдегі саяси өзгерістердің бір бөлігіне айналған бір палаталы Парламент құру идеясы қоғамда қызу талқыланып жатқаны белгілі. Президенттің бір палаталы Парламент құру туралы ұстанымы саяси құрылымның оңтайландырылуын көздейді. Мұның артында елдің заң шығару процесін жылдамдату мен тиімділігін арттыру мақсаты жатыр. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев депутаттар санының көбейтуіне қарсы екенін айтты: «Депутат санын көбейтудің қажеті жоқ, керісінше, оңтайландыру керек», – деді ол. Бұл тұста Президент жаңа жүйеде барлық депутаттың бірдей тәртіппен сайланыатынын және Президент квотасының болмайтынын айқындап берді.

Сонымен қатар, жиында Президент Конституцияға енгізілетін түзетулердің көп болатынын ескертті. Бұл өзгерістерді жүзеге асыру үшін референдум ұйымдастыру жоспарлануда. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, қазіргі уақытта еліміз үшін тыныштық пен тұрақтылықты сақтау маңызды. Сонымен бірге, ол құқық қорғау органдарының кәсібилігін арттыруды және қоғамдағы арандатушыларға жол бермейтінін айтты. Президенттің сөздерінен байқағанымыздай, парламент реформасы тек құрылымдық өзгерістердің ғана емес, заң шығару үдерісінің де сапасын арттыруға бағытталған. Бұл өзгерістер Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіруге, депутаттардың жауапкершілігін арттыруға және елдегі тұрақтылықты нығайтуға әсер ететін маңызды қадам болмақ. Қысқасы, бір палаталы жүйе – заман талабы, қажеттіліктен туындап отыр деуге болады.

Бір палаталы Парламенттен ұтарымыз көп! Әлбетте, біздің партия Президенттің бұл ұсынысын қолдайды. Себебі, сенатты тарату жөнінде біз талай рет ұсыныс айттық, әлеуметтік желі беттерінде әңгіме қозғадық, пікірталас туғыздық. Ол – елдегі қос палаталы Парламентке шектеу қойып, бір палаталы болуы керек деген ұсыныс еді. Өйткені, Қазақстан – федералды мемлекет емес, унитарлы

мемлекет. Демек, бізге қос палаталы Парламент болудың керегі шамалы. Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының бірінші отырысында Президент осы мәселеге кеңінен тоқталды. Мемлекет басшысының айтқандарынан қысқаша үзінділер келтірейік.

«Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс. Дегенмен, парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде, 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Бір палаталы Парламентке көшу – жұмыстың жаңа ырғағына және шешім қабылдаудың жеделдеуіне жол ашады», – деді Президент.

Сөз жоқ, құптарлық мәселе. Әлбетте, саяси реформаларды көп созудың қажеті шамалы. «Темірді қызған кезде соқ» деген тәмсілді еске алатын болсақ, бір палаталы парламент реформасын 2027 жылға дейін созудың қажеттілігі шамалы. Биыл жыл аяғына дейін дайындық шараларын жүргізіп, алдағы жылы бастап кеткен жөн деп ойлаймыз. Өйткені, әлемдегі түрлі саяси оқиғаларды, ірі мемлекеттердің текетірестерін безбенге тартып, өз еліміздің ішкі мәселелерінде соған сай бейімдей отырып, реформалауды жедел жүзеге асырсақ, ұтарымыз көп болмақ!

Осы тұста бір ескеретін жәйт, өткенде Президент өз Жолдауында алдыңғы парламент сайлауында депутаттар тек партиялық тізім бойынша өтеді деп айтқан болатын. Бұл өте дұрыс шешім деп ойлаймыз. Өйткені, кез келген партия мемлекеттің дамуына, елдің өркендеуіне сай өзіндік бағдарлама жасайды. Ал партия атынан барған депутаттар парламентке сол бағдарламаның жүзеге асуына мүдделі болмақ.

та құрылған. Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісі, Сингапур Парламенті, Қытайдың Бүкілқытай халық өкілдері жиналысы Израильдегі Кнессетте де – жалғыз палаталы заң шығарушы органдар. Посткеңестік елдер қатарындағы Грузия Парламенті мен Қырғыз Республикасының Жогорку Кеңешіндегі заң шығару жүйесі бір палата арқылы қызмет атқарады. Тіпті, Кеңес Одағына мүше елдердің басым көпшілігі саяси, экономикалық кірістерді еселеу мақсатында қазір аталған жүйені қолданады. Ал екі палаталы жүйе көбінесе Солтүстік, Оңүстік Америка, Орталық Азия елдерінде қалыптасқан.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Басты айырмашылық – заң шығарушы органның құрылымында. Екі палаталы жүйені қарастыратын болсақ, еліміздегі заң шығарушы органның құрылымы көпшілікке мәлім. Жоғарғы палата – Сенат, Төменгі палата – Мәжіліс. Төменгі палата өкілдерін сайлау жалпыхалықтық дауыс беру арқылы жүзеге асады. Жоғарғы палатаның басты міндеті – төменгі палата қабылдаған заңдарды сүзгіден өткізу. Заң жобалары міндетті түрде екі палатада да мақұлданыуы тиіс. Мәселен, Қазақстанда заң жобасын алдымен Мәжіліс әзірлеп, мақұлдаған соң ғана Сенатқа жібереді. Сенат заң жобасын мақұлдаған соң құжат Президенттің қол қоюына жіберіледі.

Ал бір палаталы жүйеде заң жобалары бір ғана палатада талқыланып, қабылданады. Депутаттар халық санына немесе партиялық тізімге сүйене отырып сайланады. Бұл жүйе шағын елдер мен унитарлы мемлекеттерде жиі кездеседі. Әр жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктері бар, қос палаталы жүйелердің артықшылығы ретінде құқықтық нормаларды бекіту, заң жобаларын қабылдау үрдісіне жүйелі әрі сапалы талқылаудан өтетінін, кейбір асығыстықпен қабылданған заң жобаларын қайта қарауға, жан-жақты сараптауға, қоғам пікірін кеңінен қамтуға мүмкіндік береді. Осыған қарама-қарсы сарапшылар кемшіліктерін де атайды, яғни бюрократия мен баяулық сынды кемшіліктері болуы мүмкін деп санайды. Заң қабылдау процесі ұзаққа созылуы, тиісінше дер кезінде қажет заңдардың кешігіп қабылдануы сынды тұстарын атай аламыз. Әлбетте, саясаттанушылар бір палаталы жүйенің де өзіндік кемшіліктерін жоққа шығармайды. Айталық, бір партия бүкіл пікірді ескеріп болмай, заңдарды асығыстықпен қабылдауы мүмкін, аумағы үлкен елдерде кейбір аймақтың талап-арызы ескерусіз қалуы ықтимал. Осыған қоса, «екінші оқылымның» болмауы заңның сапасына кері әсер етуі ықтимал деген көзқарастар бар. Бір палаталы жүйенің артықшылығына келсек, үрдістің жылдамдығын баса айтуға болады. Бұл өз кезегінде басқарушы биліктің шұғыл шешім қабылдап, ширақ әрекет етуіне, реформалық шешімдердің жылдам жүзеге асуына да өз әсерін береді.

ҚР Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекулы егер референдум қорытындысы бойынша Парламент бір палаталы болса, онда басты назардың жаңа Парламенттегі депутат санына аударылатынын айтты. Оның ойынша, жаңа Парламентте 120 немесе 140 депутат болуы мүмкін. Ал бүгінде барлығы – 148. Мәжілісте – 98, Сенатта – 50 депутат бар.

Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.





ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Алматыдағы діни келісім тәжірибесі

Алматы қаласы бойынша дін саласындағы саясаттың маңызы тұтас ел көлеміндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіндік маңызы зор. Орталық Азия мен оған іргелес аймақтарда діни экстремизм мен терроризм қатерлері біршама әлсірегендей көрінгенімен, қоғамдық орнықтылық, қауіпсіздік тұрғысынан бұл мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ. Қазақстан бұл бағытта ұлттық және өңірлік деңгейде жүйелі шаралар жүргізіп келеді. Дін сауаттылығын арттыру – қоғам қауіпсіздігі мен тұрақтылығының басты шарты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қыркүйек айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тарихи тәжірибесінде түрлі діндер мен мәдениеттердің тоғысқан мекені болғанын, әлемнің беделді рухани жетекшілеріне Қазақстандағы діни келісімнің тамыры тереңде жатқанын, бұл құндылық қазіргі кезеңде де қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп отырғанын айтты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қазақ даласында әлемнің негізгі діндері мен конфессиялары ежелден таралып, өзара жарасым тапқанын, ал қазіргі саясат «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына сүйенетінін атап көрсетті. Әрі бұл ұстаным бейбітшілікті жақтаушы ел ретіндегі мемлекеттің негізгі бағытын айқындайтынын жеткізді. Президент сөзінде: «Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясаты-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

нан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл», – деп атап көрсеткен еді.

Шынында да, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау үшін дін сауаттылығын арттырудың мәні ерекше. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер арқылы таралатын бейресми ақпараттар мен күмәнді діни мазмұндардың көбеюі жастарды жалған идеялардың ықпалына түсіру қаупін арттырып отыр. Осы ретте азаматтардың діни құбылыстарды дұрыс бағамдауы, күмәнді көзқарастарды ажырата алуы және ақпаратқа сындарлы қарауы – рухани қауіпсіздікті нығайтудың маңызды алғышарты болмақ.

Бұл бағытта өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстар да өзінің өнімді нәтижесін көрсетіп келеді. Алматы қаласында биыл діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған 655 ақпараттық-түсіндіру шарасы өткізіліп, 73 860 адам қамтылды. Қалалық Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Нұрлан Қиқымовтың айтуынша, түсіндіру жұмыстары жалпы халыққа емес, діни идеологияға қызығу-

шылық танытатын немесе қауіпті топтарға бағытталған. Халық санының өсуімен бірге мұндай жұмыстың ауқымы да кеңеюде. Бұл – дін саласындағы түсіндірудің қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудағы рөлін айқын көрсетеді.

Дін сауаттылығының жоғары болуы әрбір азаматтың, тіпті тұтас қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Дінді қате түсіну немесе бейресми ақпаратқа сену адасушылыққа, радикалды көзқарастарға еріксіз әкелуі мүмкін. Ал дінге қатысты дұрыс көзқарас, сауатты талдау және ресми дереккөздерге сүйену – рухани мәдениеттің басты көрсеткіші.

Бұл бағыттағы жұмыстарды тиімді жүргізу үшін білім беру жүйесінде дінтану пәнінің сапалы оқытылуы, ресми теологиялық ақпараттың қолжетімді болуы, білікті мамандардың түсіндіру жұмыстары мен отбасындағы ашық диалогтың маңызы зор. Ақпаратты тексеру, салыстыру, талдау дағдылары қазіргі заман азаматының рухани иммунитетін күшейтеді.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстанның діни келісім тәжірибесі елдің бейбітсүйгіш саясатының берік негізіне айналған. Бұл тұрақтылықтың арқауы – дін сауаттылығы. Ал діни

ЭКСПЕРТ АЛАҢЫ



Нұрлан
ҚИҚЫМОВ,
Алматы қаласы
Дін істері
жөніндегі
басқарма
басшысы:

Қоғамдық тұрақтылық үшін маңызы зор

Діни сауаттылық – қоғамның тұрақтылығы мен әр азаматтың рухани қауіпсіздігінің басты факторы. Қала тұрғындарының дінге дұрыс көзқарасы қалыптасуы жалған ақпарат пен радикалды идеялардың алдын алуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда ақпараттық-түсіндіру жұмысы жалпы халықпен бірге, діни идеологияға қызығушылық танытқан немесе қауіпті топтарға бағытталады.

Биыл Алматы қаласында 655 түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, 73 860 адам қамтылды. Қала халқының саны өсіп, әлеуметтік орта әртараптанған сайын, діни түсіндіру жұмыстарына деген қажеттілік те артып отыр. Осы орайда біз «дөңгелек үстел» өткізіп, оған қатысушылармен бірге брошюра дайындау, шетелдік сарапшыларды тарту және әлеуметтік желідегі белсенділікті күшейту сияқты шараларды талқыладық. Бұл әдістер жұмыс тиімділігін арттырып, қоғамда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу ісіне үлес қосады.

Мұндай іс-шаралардың қоғамдық тұрақтылық үшін маңызы зор. Бұл бағытта жыл бойы жоғары кәсібилік көрсеткен үздік сарапшыларымызға алғыс білдіреміз. Әріптестеріміздің мемлекетіміздің дін саласындағы саясатын ілгерілетуге, зайырлылық қағидаттарын насихаттауға және қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға қосқан үлестерін жоғары бағалаймыз.

мәселеде парасатты ойлайтын, шынайы құндылықты бағалай білетін азамат – қоғам тыныштығы мен ұлттық бірліктің кепілі екені сөзсіз.

Алматыда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Департаменті әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен бірлесе отырып, «Адал білім – Адал ұрпақ» атты қалалық форум өткізді. Білім беру жүйесінде адалдық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған форум жұмысына мемлекеттік органдардың өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары, сала сарапшылары мен қоғам қайраткерлері қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шара барысында «Адал білім» және «Адал ұрпақ» бастамаларын жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді. Қатысушылар жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру, отбасылық тәрбиенің рөлін күшейту және Алматы қаласының білім беру ұйымдарында енгізіліп жатқан тиімді тәжірибелер жөнінде пікір алмасты.

Форум жұмысын Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы Еркеболат Нұржігітов ашты. Ол кезекті басқосудың білім беру жүйесіндегі парасаттылық пен адалдық мәдениетін қалыптастыруға арналғанын баса айтты:

– Біз жастар мен балалардың бойындағы әділдік, ашықтық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды қалай дарыту керектігін талқылаймыз. Іс-шараға мемлекеттік орган өкілдері, білім беру саласының мамандары, студенттер және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысуда. Жалпы, біздің департамент мұн-

«АДАЛ БІЛІМ – АДАЛ ҰРПАҚ»

жастар тәрбиесіндегі құндылықтар дәріптелді



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

дай ауқымды шараны алғаш рет өткізіп отыр. Дегенмен, алдағы уақытта осындай іс-шараларды жиі-жиі өткізуді жоспарлап отырмыз. Мұнда біз көтеріп отырған негізгі мәселе – адал ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін қарастыру, – деді.

Ол сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру бірінші кезекте отбасынан басталып, кейін мектеп және жоғары оқу орындарында жалғасуы керек екенін атап өтті. Былайша айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бір кезеңдегі қоғамдық науқаннан гөрі азаматтардың бойындағы ортақ құндылыққа айналуы маңызды деп санайтынын жеткізді.

Форумда білім беру саласында адалдық мәдениетін дамытудағы басым бағыттар мен қолданылып жатқан тәсілдер туралы баяндама тыңдалып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері мен алдағы міндеттер ортаға

салынды. Жиын қорытындысында білім беру жүйесіндегі ашықтық пен парасаттылықты нығайтуға бағытталған кешенді жұмыстардың маңыздылығы әр қырынан талқыланды.

Іс-шара «Адал білім» және «Адал ұрпақ» бастамаларын жүзеге асырудың маңыздылығын тіпті де айқындай түсті. Осы бағытта жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру, отбасының рөлін күшейту және Алматы қаласының білім беру ұйымдарында енгізіліп жатқан тиімді тәжірибелер де осы ортаның кең тақырыптық талқысында болды.

Алматы қаласы бойынша ДАДГС басшысы форумдағы баяндамасында білім беру саласында адалдық мәдениетін дамыту бағытындағы басымдықтар мен тәсілдер туралы терең талдауын ұсынды. Форум соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ҚАЛИМОЛДИН,
«Парасатты ұрпақ үшін» қоғамдық қорының президенті, Алматы қаласы бойынша «Адалдық алаңы» жобасының жетекшісі:

ЖАСТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

Жалпы, «Адал ұрпақ» тәрбиесі бағытына Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің халыққа арнаған Жолдауында бірнеше рет тоқталды. Қазіргі таңда бұл бағытта жастар ұйымдарында, жоғары оқу орындары мен мектептерде ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні аясында өтіп жатқан форум Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен өтуде. Біз бұл басқосуға барлық мемлекеттік емес ұйымдар мен қоғам белсенділерін жинап, «Адал қоғам – Адал ұрпақ» тақырыбында ой бөлістік. Алматы қаласы бойынша «Алматы. Адалдық алаңы» жобалық кеңсеміз жұмыс істейді. Сонымен қатар, «Адал ұрпақ» және «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» жобалары да іске асып жатыр. Бұл жұмыстардың барлығы Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы мен агенттіктің тікелей қолдауымен жүргізілуде. Біздің жұмысымыздың ең басты мақсаты – жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Осы мақсатта біз форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізіп, жастармен кездесулер ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, бейнероликтер көрсетіп, адал қызметімен елге еңбегі сіңген ардагерлермен кездесулер ұйымдастырамыз.

ЖАҒАНДЫҚ ЖАСАМПАЗ КҮШ

Қазақстан Халықаралық еріктілер жылы бастамасын қолдады

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының орнықты даму мақсаттарына орай Халықаралық еріктілер жылын жариялауға арналған сессиясында арнайы Үндеу жолдады. Президент бұл бастаманы әлемдік қоғамдастықтың игілігіне қызмет ететін маңызды қадам деп атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Халықаралық еріктілер жылын жариялау – миллиондаған адамның игі ісін мойындап, азаматтық жауапкершілік пен жаһандық ынтымаққа жол ашатын тарихи сәт.

«Бұл айтулы уақиға еріктілердің рөлін күшейтуге, олардың ұлттық және жаһандық прогреске қосатын үлесін еселеуге бағытталған ортақ ұмтылысымызды көрсетеді», – делінген Мемлекет басшысының Үндеуінде.

Оның айтуынша, Қазақстан халықаралық серіктестермен бірлесе отырып, бұл бастамаға бастамашы болды. Елдің волонтерлік саласын дамыту жөніндегі тәжірибесі кейінгі жылдары ерекше қарқын алған. Осыған байланысты Президент еріктілер қозғалысының орнықты даму мақсаттарына жетудегі айрықша маңызын атап өтті.

Президент Үндеуінде: «Қазіргідей алмағайып заманда еріктілер адам өмірін сақтау, қиындыққа душар болған жандарға жәрдемдесу, қоғамдағы сенім мен ынтымақты нығайту арқылы аса маңызды миссия атқарып келеді», – деді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірін-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

дегі мыңдаған адамды бір мақсатқа жұмылдырып отырғанын атап өтті. Ал әлем бойынша миллиондаған азамат халықаралық ұйымдарға тәуелсіз түрде де қоғамдық іске белсенді түрде қатысуда.

Қазақстанда еріктілер қозғалысы қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еріктілер тек әлеуметтік жобаларға ғана емес, экология, жастар саясаты, гуманитарлық бастамалар сияқты жаһандық маңызы бар бағыттарға да үлес қосып отыр.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы ең ауқымды жобалардың бірі – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясын ерекше атап өтті. Бұл бастама қоршаған

ортаны қорғауға бейжай қарамайтын мыңдаған азаматты біріктіріп, экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуде. Президент бұл жобаның БҰҰ орнықты даму мақсаттарымен үндесетінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз Үндеуінде Алматыны БҰҰ қолдауымен халықаралық серіктестік хабына айналдыру ниетін құптайтынын мәлімдеді. Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ Өңірлік орталығының құрылуы осындай мүмкіндікке жол ашты.

Сонымен бірге, Алматыда БҰҰ Еріктілер бағдарламасының субөңірлік кеңсесінің құрылуы Қазақстанның азаматтық секторды дамытудағы белсенді

рөлін айқындайды. Президенттің айтуынша, бұл бастама жаһандық серіктестікке жаңа серпін беріп, волонтерлер арасындағы тәжірибе алмасуға мүмкіндік ашады.

Мемлекет басшысы әлемді толған дыратын көптеген мәселеге тек өзара сенім мен ортақ әрекет арқылы жауап бере алатынымызды атап өтті. Сол себепті, ол әлемнің волонтерлерін БҰҰ бастамаларына белсенді түрде қатысып, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік интеграция және жастарды қолдау бағыттарында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Қазақстан БҰҰ Еріктілер бағдарламасына ризашылығын білдіре отырып, серіктестік аясын кеңейтуге дайын екенін хабарлады. Бұл ретте жастардың, әйелдердің және шалғай аймақ тұрғындарының мүмкіндіктерін арттыру басты мақсат болып отыр.

Биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына – 80 жыл. Осы айтулы кезеңде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлем елдерін әділ әрі жасыл әлем қалыптастыру жолында ынтымақ-бірлігіміздің берік екенін көрсетіп, адамзат игілігі үшін бірлесіп әрекет етуге шақырды.

Иә, Президенттің бұл Үндеуі – еліміздегі еріктілердің еңбегіне берілген әділ баға әрі мемлекеттердің гуманитарлық саясатқа бет бұруының айқын белгісі іспетті. Заманауи сын-қатерлер көбейген кезеңде волонтерлік қозғалыс жаһандық тұрақтылықтың бір тірегіне айналып келеді. Қоғамдағы сенім мейірім құндылықтары тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрінетіні дәл осы салада анық байқалады.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматыда Халықаралық волонтерлер күніне орай қалалық еріктілер форумы ұйымдастырылды. Іс-шара Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтіп, еріктілер қозғалысының жыл бойғы жұмысына қорытынды жасап, алдағы міндеттерді айқындауға арналды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Форумға волонтерлік ұйымдардың жетекшілері, жастар бірлестіктері, әлеуметтік және экологиялық бастамалардың өкілдері қатысты. Жиында қоғам өміріндегі еріктілер институтының рөлі, азаматтық белсенділікті дамыту және жастарды әлеуметтік жауапкершілікке баулу мәселелері сөз болды.

2025 жылы алматылық волонтерлер тарапынан еріктілікті дамыту бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Қала бойынша 50 мыңнан астам волонтер тіркеліп, соның ішінде 10 мыңнан астамы әлеуметтік, экологиялық және білім беру бастамаларына алғаш рет тартылған жаңа қатысушылар болды. Бұл – Алматыда волонтерлік қозғалыстың тұрақты түрде кеңейіп келе жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Еріктілер қызметін үйлестіру 42 ірі ұйымды біріктіретін арнайы фронт-офис арқылы жүзеге асырылды. Бұл құрылым волонтерлерге әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетіп, бастамалардың тиімді іске асуына мүмкіндік берді. Әлеуметтік акциялар аясында 80-нен астам отбасына атаулы көмек көрсетіліп, халықтың осал топтарына нақты қолдау жасалды.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫЛАРЫ



Экологиялық бағыт та назардан тыс қалмады. Жыл ішінде «Еco Qala Fest», «ЖасЭкоПатруль» сынды жобалар жүзеге асырылып, сенбіліктер ұйымдасты-

рылды. Бұл шаралар жастардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етті. Сонымен қатар, ашық аспан астындағы кино көрсетілімдері, дәріс-

тер мен кездесулер өткізіліп, жасөспірімдер мен жастарға арналған 60-тан астам білім беру курсы ұйымдастырылды.

Қаладағы қауіпсіздік пен төтенше жағдайларға дайындық мәселесіне де волонтерлер белсенді атсалысты. 800-ден астам ерікті Төтенше жағдайлар департаментімен әріптестік аясында арнайы дайындықтан өтіп, шұғыл жағдайларда көмек көрсету дағдыларын меңгерді. Ал «Жақсылық істер марафоны» шеңберінде өткен қайырымдылық іс-шараларға 12 мыңнан астам алматылық тартылды.

Форум барысында жылдың ең белсенді волонтерлері мен волонтерлік ұйымдары арнайы Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бұл марапаттар еріктілер еңбегіне көрсетілген құрмет қана емес, сонымен қатар волонтерлік қозғалысқа жаңадан қосылуға ниетті жастарға зор шабыт болды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ЖЕЛТОҚСАН ШЫНДЫҒЫ:

Тұтастық пен егемендік рухтың үлгісі

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Social Project Management» қоғамдық қоры Желтоқсан оқиғасына арналған конференция ұйымдастырды. Кездесу-конференцияға Желтоқсан ардагерлері, тарихшы-ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен алматылық жастар қатысты.

Одан кейін тарихшы ғалым, профессор Х.Әбжанов, тарихшы-қаламгер Б.Қойшыбаев, сол жылдары ҚазМУ ұстазы болып, Желтоқсаннан кейін сотталған Шора Қарабаев, «Желтоқсан ақиқаты» ҚБ төрағасы Б.Құрымбаев, Желтоқсан ардагерлері Ж.Тастекеев, Е.Қуандық, Н.Шөкей, Н.Бекежанов және басқа да қатысушылар сөз алып, сол кезеңдегі оқиғаларды нақты деректермен баяндады.

Спикерлер Желтоқсан көтерілісі қазақ даласында болған үш жүзден астам қозғалыстың тарихи жалғасы әрі ең соңғысы екенін, оның КСРО-ның ыдырауына, кейін тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына алып келген үдерістердің бастауы болғанын атап өтті. Бұл – бүгінгі күні де Қазақстанның аумақтық тұтастығын, қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік саясатын түсіндіруде маңызды мысал ретінде ұсынылды.

Жиында Желтоқсан көтерілісіне әлі толық саяси-құқықтық баға берілмегені, көтеріліске қатысушылардың алды алпыстан асып, жыл сайын азайып бара жатқаны айтылды. Ардагерлердің аузынан естелікті дәл қазір тыңдап қалу жастардың тарихи санасын, ұлттық имму-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

нитетін күшейтудің, әскери-патриоттық тәрбие мен қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың маңызды бөлігі екені ерекше атап өтілді.

Конференцияны кезінде өзі де Желтоқсан оқиғасының куәсі болған, бүгінде белгілі ғалым, қоғам қайраткері К.Матыжанов кәсіби деңгейде жүргізді. Сөз алушыларға регламент шеңберінде еркіндік беріліп, олар ұлттық бірлік, қоғамдық келісім, әскери-патриоттық тәрбие, құқықтық мәдениет және қылмыс пен радикалды идеяларға қарсы иммунитет қалыптастыру мәселелерін кеңінен қозғады.

Қорытындысында қатысушылар «Желтоқсан–1986 – тәуелсіздікке жол» ғана емес, Алматы қаласының «Қауіпсіздік және қорғаныс» бағыты шеңберінде өскелең ұрпаққа арналған қауіпсіздік сабағы екенін атап өтті. Тарихи шындықты ашық айту, ардагерлердің тәжірибесін насихаттау – елдің егемендігін, аумақтық тұтастығын, қоғамдық тұрақтылықты, сондай-ақ қала мен елдегі жалпы қауіпсіздік деңгейін нығайтуға қызмет ететіні баса айтылды.

Нұрлан
СҮЙІН

Тарихи-тақырыптық отырыстың модераторы – әдебиетші-ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, қоғам қайраткері Кенжехан Матыжанов. Ол өз сөзінде Желтоқсан оқиғасының бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздік тұғырын түсінуде ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Қоғамдық қор директоры Б.Молдахметұлының кіріспе сөзінен кейін, «Желтоқсан–1986» тақырыбында сөз айту келген қонақтарға берілді.

Алматының Алатау ауданында өткен «Мәңгі оянған намыс» өнер байқауы жас ұрпақ бойына ұлттық рухты ғана емес, ел қауіпсіздігі мен мемлекеттілікті қадірлеу санасын сіңіруге бағытталған маңызды іс-шара болды. Желтоқсан қаһармандарының ерлігін насихаттаған шара жасөспірімдерге отансүйгіштік, азаматтық жауапкершілік және елдің тәуелсіздігі мен тұрақтылығы үшін әр азаматтың рөлі зор екенін ұғындырды. Балалардың шығармашылық жұмыстары бейбіт өмірдің, ашық аспанның, мызғымас бірліктің құнын сезіндіру арқылы әскери-патриоттық тәрбиенің маңызын айшықтады. Байқауды ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай рухани-тәлімдік жобалар жас буынның ел қауіпсіздігін қорғауға деген құрметін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Нұрлы шуақ» қоғамдық қоры, «Парасатты жастар» және «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестіктері мұрындық болған байқаудың алғашқы іріктеу кезеңі онлайн форматта өтті. Одан үздік деп танылып, шешуші кезеңге аяқ басқан балалар мегаполистегі Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында бас қосып, гала-концерт қойып берді. Жеткіншектердің шығармашылық кешінің шымылдығы еліміздің Гимнімен ашылды. «Жас қыран» тобы орындаған «Желтоқсан маршы» әні де кештің мәні-мазмұнын үстей түсті.

– Байқаудың мақсаты –



Желтоқсан қаһармандарының ерлігін насихаттау, өнер арқылы ұлттық құндылықтар мен Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, талантты оқушыларды анықтау және қолдау. Байқауға Алатау ауданындағы 20 мектептен 100-ден аса оқушы қатысып, іріктеу кезеңде 30 жеткіншектің бағы жанды. Жеңімпаздардың ешқайсысын бөліп-жармай, бәріне бағалы сыйлықтар табыстадық, – дейді «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев.

Байқаудың «Көркем сөз» жанрында балалар Тәуелсіздік

және патриоттық тақырыбында шығарма жазды. «Вокал» номинациясында жанды дауыспен патриоттық әндер шырқады. «Ақындық өнерде» жеткіншектер авторлық өлеңін орындады. Ал «Бейнелеу өнері» жанрында Желтоқсан рухын, батырлар ерлігін, бейбіт өмірді бейнелейтін суреттерін ұсынды.

Мерейі үстем болған алатаулық өнерлі жас достар марапатталды. Сый-сияпат көтерген өрендердің жүзінде қуаныш, шаттық байқалады. Демек, сыйлық та, сайыс та оларға тағы да шалқар шабыт берген сыңайлы. «Көркем сөздің» бас жүлдесін – Ақерке Дәулетова, «Вокал» номинациясын – дуэт Айзере Ерік пен Аяла Серік, «Ақындық өнерді» – Адия Сыздықова, ал «Бейнелеу өнерінің» бас жүлдесін Раяна Сейіт иеленді.

Балалардың сый-сияпатына демеушілік көрсеткен алматылық заңгер Алуа Жұмабекова мен «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі Алатау аудандық филиалының төрағасы Елтай Көзәділов екенін де атап кеткен жөн болар.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚОРҒАУ –

адал ұрпақ аманаты



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жадыра ҚАРАКӨЗЕЕВА, жеңімпаздың анасы:

Ашық аспан астындағы өмір

Менің қызым Сезім Қанатбек №205 мектептің 5 «е» сыныбында оқиды. Ол байқаудың «Бейнелеу өнері» номинациясының екінші орнын иеленді. Суретінде Астанамыздағы алып Бәйтеректі бейнелепті. Көкпеңбек аспан да маған әдемі әсер сыйлады. Жап-жасыл шөптің үстінде дастархан жайып, көңілді отырған отбасының бейнесі де жүрегімді тербеді.

Біз оның жұмысына еш араласпадық, өзінің бала көңіліндегі, жүрегіндегі сезімін, ойын солай бейнелеген екен. Қызымның осындай егемен елде, бейбіт аспан астында, бақытты отбасында өмір сүріп жатқанына мың тәуба айтамын. Әрине, балалардың шабытын оятып, шығармашылық әлеуетін көтеріп жатқан ұйымдастырушыларға алғысым шексіз.



ӘР БАЛА АҚПАРАТ ТАСҚЫНЫНДА

Сіз бен біз ескермейтін жайттар

Балалардың қауіпсіздігін қорғау елдегі барлық азаматтардың қолдауына ие. Алайда, бүгінгі таңда балалар қауіпсіздігі мүлде нәзік әрі күрделі тақырып екенін көптеген қоғам мүшесі танып жете қоймағандай. Себебі, қазіргі таңда балаларға төнетін қауіп тікелей физикалық қауіптерден бола бермесі мүмкін. Кибербуллингтен тартып, психологиялық қысымдардың түр-түрі бұған дейін қоғам мән бермеген көптеген мәселенің бар екенін ашып бергендей.



қауіп – баланың ішінде болып жатқан көзге көрінбейтін күйзеліс деп санайды.

– Буллингке ұшыраған оқушылардың 60–70 пайызы оны ашық айтпайды. Тек тұйықталу, шаршағыштық, сабаққа қызықпаушылық немесе агрессияға берілу сынды мінезіндегі өзгерістен түсінеміз. Сол себепті, мектепте эмоционалды қауіпсіз атмосфера қалыптастыру бірінші орында тұруы тиіс, – дейді маман.

Ол сондай-ақ, оқушы мұ-ғалімнен немесе ата-анадан жаз-ғыруды емес, түсіністік күтетінін білсе, ол жағдайды жасырмай-тынын айтады. Балалардың бой-ындағы сенімсіздікті арылту үшін олар әр оқушымен жеке сөйлесіп, сенімге негізделген қа-рым-қатынас орнатуға тырыса-ды. Бұл олардың қандай да бір қысымға та болғанын жасырып қалмауына әсер етеді.

Баланың сенімі, мінезі, болашаққа деген көзқарасы мектеп қабырғасында қалыптасады. Егер біз мектепті ке білім беру орны деп қарастырудың орнына алдымен бала бойындағы қорқынышты сөйлететін, өзін еркін сезінетін, жасырмай сөйлейтін ортаға айналдырсақ, сонда ғана мектеп шын мәнінде қауіпсіз мекенге айналады. Мектеп қауіпсіз болуы үшін ең алдымен ересектер қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруы аса маңызды. Мәселе «мектеп қауіпсіз бе?» деген сұраққа емес, «біз мектепті қауіпсіз ету үшін не істеп жүрміз?» дегенде. Осындай жауапкершілік әрқайсымыздың қолымыздан келсе, мектеп тек білімнің емес, сенімнің, тыныштықтың, балалық шақтың мекеніне айналады.



**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Көп қырлы мәселе

Соңғы жылдары елімізде мектептердегі буллинг, психологиялық қысым және агрессияға ұшыраған балалар саны азайып жатқан жоқ. Мысалы, бытыр Қазақстан мектептерінде 145 буллинг дерегі тіркелсе, әкімшілік жауапкершілік енгізілген кезеңнен бері 327 жағдай анықталды. Бұл статистика ата-аналар мен қоғамды алаңдатуға себеп бола алады.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің сапасы ғана емес, мектептің қауіпсіздігі де ең өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы буллинг, жанжал, агрессия, киберқысым, психологиялық күйзеліс сияқты проблемалардың көбеюі – «Мектептер бала үшін қауіпсіз орта құра алды ма»? деген сұрақты көлденеңінен қойды. Баланың мектепке күліп барып, қорықпай оралуы, тек оқу орнының емес, қоғамның да өркениеттілігінің өлшемі.

Бүгінгі әрбір бала ақпарат тасқынының ортасында өсіп келеді. Әлеуметтік желідегі қысым, салыстыру мәдениеті, виртуалды әлемдегі агрессия – бұлардың

барлығы мектептегі ортаға да әсерін тигізбей қоймайды. Бір қарағанда байқалмайтын, бірақ ұзақ мерзімді әсері өте ауыр болатын буллингтің салдары баланың өзін-өзі бағалауына, психологиялық саулығына, тіпті өмірлік жолына да кері ықпал етеді. Мектепте оқушының жәбір көргенін ата-анасы мен оқытушылар көп жағдайда кеш біліп жатады. Бұл әдетте бала психологиясы мен табиғатына байланысты және ересектердің қарым-қатынасты дағдылы қателіктерден келіп шығады. Айталық, баланың айтуға қорқуы және ересектердің елемей немесе мұғалімдердің мұндай жағдайды «балалардың өзара ерегісі» деп санауы.

Бала санасындағы жайлы орта

Шынайы қауіпсіз орта тек физикалық құрылғылармен өлшенбейді. Бақылау камерасы, турникет, күзетші – бұлар да маңызды, бірақ бастысы – атмосфера. Әр бала өзін тыңдайтын, түсінетін, қорғалған сезінетін кеңістікте ғана еркін ойлап, еркін дамиды. Мұғалімнің оқушыға деген көзқарасы, сынып ішіндегі

карым-қатынас, әр баланың өзін жеке тұлға ретінде сезінуі – бүгінгі бала қауіпсіздігінің негізгі тетігі. Егер мектепте де, үйде де ашық диалог болса, балалар өз мәселесін айтуға үйренеді, ал бетін қайтарған жерде тыныштық орнағандай көрінгенімен, іште шешілмеген проблемалар жиналып, өз бетінше дамып, зорайып жатады.

Әлбетте, баланың қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуінде ата-ананың рөлі мейлінше кең. Көп жағдайда үйдегі эмоционалды ахуал бала мінезін мектептен де күшті әсер етеді. Үйінде түсіністік көрмеген, мәселесін айта алмаған бала агрессияны не өзі көрсетеді, не соған ұшырайды. Мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланыс үзілген жерде баланың қауіпсіздігі де әлсірейді. Сондықтан бала тағдырына қатысты қос тараптың бір-бірін кінәлаудан гөрі, ортақ жауапкершілік қалыптастыру маңызды. Баланың хал-ахуалын бірге бақылау, өзгеріс-

терді ерте байқау – көптеген ауыр жағдайдың алдын алады.

Қоғамның да жауапкершілігі бар

Қоғам да өз болашағының алдында сыртқары қалмауы тиіс. Жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылық, психологиялық қысым туралы ашық айту, буллингтің алдын алу бағдарламаларын дамыту, мектеп психологтарының жұмысын күшейту, ұстаздардың эмоционалдық күйін қолдау – бұл мектеп қауіпсіздігін нығайтатын маңызды қадамдар. Әсіресе, кибербуллингтің кеңеюі онлайн кеңістікте де қорғау механизмдерін қайта қарауды талап етеді.

Бұл тақырыпқа орай психологтың пікірін білуді де жөн көрдік. Балалар психологы Бекзат Сахидавлетованың айтуынша, бүгінгі таңда мектептегі қауіпсіздік тек физикалық бағылаумен шектелмейді. Ол ең үлкен

«QARZHY SAQSHYSY»

қаржылық сауаттылықты арттырды

Алматыдағы №138 мектеп-гимназиясында оқушылардың қаржылық қауіпсіздігін арттыруға және жасөспірімдерді заманауи цифрлық қауіптерден қорғауға бағытталған «Qarzhy Saqshysy» компьютерлік ойынының демонстрациялық көрсетілімі өтті. 10-11-сынып оқушылары қамтылған іс-шара «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша ұйымдастырылды.



– ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі 1–15 желтоқсан аралығында өңірлердегі мектептер мен колледждерге «Qarzhy Sagshysy» компьютерлік ойынын өткізуді жоспарлады. Басты мақсат – асөспірімдердің қаржы

пирамидалары, дропперлік, цифрлық гигиена секілді қаржылық алаяқтық схемалары туралы сауаттылығын арттыру. 24–30 қараша аралығында компьютерлерге ойынды орнату үшін арнайы кесте әзірленді. Бүгінде 220 мектеп компьютерлеріне ойын жүктелген, – дейді ол.

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеулер департаментінің өкілі Жақсылық Мырзахан жасөспірімдер арасындағы цифрлық алаяқтық мәселесінің барған сайын өзекті болып келе жатқанын атап өтті:



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мұндай қателіктерге бой алдырмауы үшін алдын алу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Онлайн-ойын форматы жастардың қаржылық сауаттылығының артуына оң әсер береді деп сенеміз, – деді Жақсылық Мырзахан.

10-сынып оқушысы Жанель Амандос ұйымдастырылған ойын арқылы интернет-тегі алаяқтарға қатысты білімнің артқанын жеткізді. – Қазіргі кезде жасөспірімдердің өзекті мәселелерге назар аударуы өте қиын. Сондықтан осындай интерактивті ойындар мен логикалық сұрақтар оқушылар үшін өте қызықты болды әрі қоғамға да пайдасын тигізді. Сыныбымыз алаяқтар туралы көбі

біле бермейтін тың деректермен танысты, – деді.

– Қазіргі дамыған заманның кибер-қауіпсіздігі басты мақсаттарымыздың біріне айналды. Ойын барысында жоғары нәтижені көрсете алдық. Өзіммен қатарлас жас буынға айтарым, алаяқтық схемаларға берілмеу керек, өйткені орға түскен адамның өмірі құртылады. Меніңше, азаматтардың алдануы қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейінен туындайды, – деді 11-сынып оқушысы Ерасыл Ғаниұлы.

Айта кетейік, мектептегі «Qarzhy Saqshysy» ойынына жауапты әдіскер Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен тікелей жұмыс жүргізуде.



Дана
САДЫРҚАН

Алматы қаласында 10-11-сыныптарда оқитын 37 763 оқушы бар. Олардың 7000-ы компьютерлік ойын арқылы қаржылық сауаттылық пен қауіпсіздікті арттыру іс-шарасына қатысқан. Іс-шара жоспарына сәйкес 15 желтоқсанға дейін жоба аталған сыныптарда оқитын алматылық оқушыларды толық қамтитын болады. Бұл туралы №138 мектеп-гимназиясының директоры Медет Қасымбаев айтып берді.



КЕЗДЕСУ

ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ АРНАЛҒАН «ЕРЛІК САҒАТЫ»

Қазіргі кезде Алматыдағы жоғары оқу орындарынан бастап мектептер мен колледждерде патриотизм сағаттары өткізіліп келеді. Әрине, тәрбиелік сағаттардың мақсаты – келешек ұрпақтың туған жерге, ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыпқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұрпақтың әскери-патриоттық рухын көтеруге баса мән беруге мемлекет тарапынан да ұдайы баса мән беріледі.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде өткен Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу де қаладағы патриоттық тәрбиелік іс-шаралары аясында ұйымдастырылды. Жиынды мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары Жанна Дүйсенбайқызы мен алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Қуаныш Сейдахметов ұйымдастырды.

Кездесуге Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Ауған соғысы ардагерлері үйлестіру ке-



Суретті түсірген автор.

несінің төрағасы Мұрат Әбдішүкіров пен Медеу аудандық аудагерлер кеңесі жастарға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру комиссиясының төрағасы Мінәмжан Асимов қатысты.

– Қазір де ертеңіміздің қауіпсіздігі отаншыл, патриот жастарымызға байланысты. Қоғам жаһандық үрдісті толық бақылап отыр, әлемнің әр түкпірінде жанжал оты тұтанып жатады. Ең өкініштісі, осындай қақтығыстарда зардап шегетін қарапайым халық. Сондықтан бейбіт өмір ұзағынан болсын, сол бейбітшілікті қорғайтын азаматтарымыз көп болсын, – деді «Айбын», «Құрмет» ор-

денінің иегері Мұрат Әбдішүкіров.

Бүгінде журналистика саласында жүрген Мінәмжан Асимов осыдан 36 жыл бұрын бірге майданда болған достарымен әлі күнге дейін хабарласып тұратындығын жеткізді. Қонақтар Ауған соғысының тарихы, оған қатысқан отандастарымыздың ерлігі және өздерінің басынан өткен оқиғалар, әскерде қызмет ету әрбір ер азаматтың киелі борышы екендігі туралы айтып берді. Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары «Ерлік сабағы» оқушылардың әскери өмірге деген көзқарасын кеңейтті.

БРИФИНГ

АНА МЕН БАЛА АМАНДЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Алматыдағы «Дағдарыс орталықтарының одағы» заңды тұлғалар бірлестігі биыл атқарған жұмыстарының қорытындысын жария етті. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз жиынында бірлестіктің басқарма басшысы Зульфия Байсақова арнайы баяндама жасады.

Нұржамал
ӘЛІШ

Спикердің айтуынша, өткен жылмен салыстырғанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі биыл бірқалыпты.

«Заңнамадағы өзгерістер қоғамдық жауапкершілікті арттырып, Алматы мен басқа өңірлердің тұрғындары айналасына бейжай қарамай, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгері болғанын жиі хабарлай бастаған. Бүгінде әйелдер жағы қайдан көмек сұрауға болатыны туралы ақпаратты көбірек алып, қолдағы бар құралдарды жиі пайдаланатын болған. Дегенмен, заңнаманы әлі де жетілдіруді жалғастырып, әлеуметтік қызметтердің мүмкіндігін кеңейту қиын жағдайға тап болған әйелдерді бұдан да тиімдірек қолдауға мүмкіндік

беретіні сөзсіз», – деп атап өтті З.Байсақова.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, дағдарыс орталықтары өз қызметін кеңейтіп, отбасында зәбір көрген ана мен баланы палататудан басқа, көмектің өзге де балама түрі мен әлеуметтік демеу көрсетуді дамытып жатыр.

Ал «Жансая» дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Сапарова психологтар зардап шеккендердің көңілін орнына түсіруге көмектесіп, заңгерлер құжаттарын қалпына келтіріп, төлемдерін рәсімдеп, олардың құқығын түсіндіруге қолдау көрсететінін атап өтті.

Жалпы, 2017 жылы «Жансая» құрылғалы бері оның қызметін 11 615 адам пайдаланған. Оның ішінде баспана қызметін – 3346 адам, психолог көмегін – 5558, заңгер көмегін 1823 адам алған. Ал 416 отбасы түсінісіп қайта қосылған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дағдарыс орталықтары көрсеткен қызмет:

• психологтың кеңесін 1001 адам (722 әйел, 279 бала) алған;

• заңгер кеңесін – 223 (811 сұрақ бойынша);

• жұмыспен қамтылғандар – 53;

• шаңырағына қайта қосылғандар – 67 отбасы;

• бастапқы кәсіби дағдылар курсынан өткендер – 6 адам;

• құжаты қалпына келтірілген – 7;

• тұрғылықты жері бойынша тіркелген – 1.

КОНФЕРЕНЦИЯ

АЛАҢДАУШЫЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

Белсенділер балаларды зиянды контенттен қорғау заңын қолдады

Алматылық құқық қорғаушылар мен азаматтық белсенділер қоғамды балалар құқығын қорғауға ортақ күш салуға шақырды. «Балаларымызды зиянды үгіт-насихаттан қорғайық!» атты конференцияда олар дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттауға тыйым салуға бағытталған заңнамалық түзетулерді қолдайтындарын жеткізді. Мұндай заң жобасын Мәжіліс депутаттары тарапынан ұсынылған болатын.

Ернұр
РЫСБАЙ

Конференцияны қоғам белсендісі Бағила Балтабаева ұйымдастырды. Оның айтуынша, Мәжілістен өтіп, Сенатқа жолданған заң жобасының қаралуы кейінге шегерілгені қоғамда алаңдаушылық тудырған.

– Бұл заң нақты бір адамдарға қарсы емес. Ол тек балалардың санасына кері әсер ететін зиянды ақпараттан қорғауға бағытталған. Қоғамның, ата-аналардың уайымын Үкіметке жеткізу үшін жиналды, – деді Бағила Балтабаева.

Іс-шараға заңгерлер, психологтар, аналар ұйымдарының өкілдері, Қазақ билер алқасының ақсақалдары қатысып, ортақ ұстанымдарын білдірді. Жиында «Қазақстанда ашық және жасырын ЛГБТ насихатына қарсымыз» атты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

петицияның нәтижелері айтылды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі де кәмелетке толмағандарды сексуалдық сипаттағы зиянды ақпараттан қорғауға қатысты заңнамалық шаралар қажет екенін алдын ала қолдаған. Әлеуметтік зерттеулер дерегіне сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 85 пайызы балаларды дәстүрлі емес сексуалдық мінез-құлықты насихаттайтын контенттен қорғауды қолдайды.

Спикерлер жаһандану дәуірінде интернеттің балалар үшін негізгі ақпарат көзіне айналғанын атап өтті. Жас-

өспірімдердің жасына сай емес контентке жиі тап болуы олардың психикалық әрі рухани дамуына кері ықпал етуі мүмкін. Қолданыстағы заңдарда «дәстүрлі емес сексуалдық бағдарды насихаттау» ұғымының нақты айқындалмауы – басты олқылықтардың бірі екені айтылды. Ұсынылып отырған түзетулер осы түсінікті нақтылап, барлық салалық заңдарда бірізді норма қалыптастыруды көздейді. Заң жобасына сәйкес, көпшілікке арналған ақпараттық алаңдарда дәстүрлі емес сексуалдық мінез-құлықты әдейі оң бейнеде дәріптеу ты-

йым салынатын әрекет саналады. Ал ғылыми немесе бейтарап ақпаратқа шектеу қойылмайды.

Қазақ билер алқасының Бас биі Әбу Орынбасарұлы Мұхаммед бұл мәселені ұлттық қауіпсіздікпен тікелей байланыстырды.

– Біз аз халықпыз, сондықтан жастар саясатына өте сақ қарауымыз керек. Бұл жеке өмірге араласу емес, бұл – насихатқа, яғни технологиялық ықпалға тосқауыл қою, – деді ол.

Сондай-ақ, қоғамда әке рөлін күшейтуге бағытталған «Әкелер мектебі» бағдарламасының маңызы атап өтілді. Заңгер Бағдат Амандосұлы ұсынылып отырған заң жобасының халықаралық міндеттемелерге қайшы келмейтінін айтты. Бала құқықтары туралы конвенция мемлекеттерге балаларды зиянды ақпараттан қорғау міндетін жүктейді, ал азаматтық және саяси құқықтар туралы қоғамдық мораль мен денсаулықты сақтау мақсатында сөз бостандығын белгілі бір деңгейде шектеуге мүмкіндік береді.

Конференция қорытындысында ұсынылып отырған бастаманың қоғам сұранысына негізделгені, Конституцияға сәйкес отбасы мен баланы қорғауға бағытталғаны, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін күшейтетіні атап өтілді. Қатысушылар заң жобасын бастапқы мәтінімен қабылдауды жеделдетуді талап етіп, бұл қадамды Қазақстанның рухани-мәдени негіздерін сақтаудағы маңызды шешім деп бағалады.



●

ТРАНСПЛАНТАЦИЯ



БІР ДОНОР ТӨРТ ӨМІРДІ
САҚТАП ҚАЛДЫ

Алматыда №4 клиникалық аурухана базасында көп ағзалық донорлық процесс өтті. Донор 1967 жылы туған ер адам болды. Дәрігерлер мидың өлімін белгілеп, отбасының келісімінен кейін жүрек, бауыр және екі бүйрегін алды.

Транспланттау бригадаларының уақытылы үйлестірілген жұмысының нәтижесінде донордың жүрегі – 1967 жылы туған пациентке (Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да); бауыры – 1967 жылы туған пациентке (А.Н.Сызғанов атындағы ҰҒХО); оң жақ бүйрегі – 2006 жылы туған реципиентке (А.Н.Сызғанов атындағы ҰҒХО); сол жақ бүйрегі 1990 жылы туған пациентке (А.Н.Сызғанов атындағы ҰҒХО) қондырылды.

Бүгінгі күні ел бойынша күту парағында 4521 пациент, оның ішінде 106 бала тұр. 2025 жылдың алғашқы 10 айында ғана өлім салдарынан тізімнен 272 адам шығарылды – бұл күн сайын бір адам. 2025 жылдың 12 айында қайтыс болғаннан кейінгі донорлардан тек 14 донорлық процесс жүргізілді, оның барысында өмірлік маңызды ағзаларды 60 трансплантаттау жүзеге асырылды.

– Әрбір донорлық жағдай – бұл дәрігерлердің, үйлестірушілердің, зертханалардың, санавиацияның және процеске бірнеше минут ішінде енгізілетін барлық қызметтің үлкен бірлескен жұмысының нәтижесі. Бірақ ең бастысы – донор отбасының шешімі. Олардың батылдығының арқасында бүгінде өз мүмкіндігін жылдар бойы күткен адамдар өмір сүруде. Статистика елімізде ағзаларға деген қажеттілік өте жоғары екенін көрсетіп отыр. Біз күн сайын дерлік көмектесе алатын адамдарымыздан айырылып қалып жатамыз. Сондықтан әр құтқарылған пациент – жай ғана медициналық жеңіс емес, қайта оралған адам өмірі, – дейді Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың директоры Айдар Сейітқазинов.

●

ЭПИДАХУАЛ

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ
ШАҚЫРАТЫНДАР АЗАЙДЫ

Алматыда тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекциялар бойынша маусымдық өсім байқалғанымен, эпидемиологиялық жағдай бақылауда.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Иманғалиева осылай деді. Оның айтуынша, аурушандық деңгейі маусымдық шектен аспайды, мекеме-

лер тұрақты жұмыс істеп тұр, төсек-орын мен дәрігер де жеткілікті.

Алматыда ересектердің 69-ы А/Н3N2 тұмауын жұқтырған. Барлығы емделіп жатыр, жағдайы қанағаттанарлық. Қалада сонымен қатар, риновирус, боксавирус, РС-вирус, аденовирус, парагрипп пен маусымдық коронавирус сияқты басқа да вирустар бар. Бұл ретте әсіресе, жүкті әйелдер мен балаларға көп көңіл бөлінуде.

«Қарашаның басында жедел жәрдем шақырғандар күрт көбейгенімен (тәулігіне 1600-ге

дейін), кейін біртіндеп бәсеңдей бастады. 28 қарашадан бастап 103 нөміріне қоңырау шалғандар саны тәулігіне 700–1000 аралығына дейін төмендеген. Барлық медициналық ұйым жоспарлы режимде жұмыс істеп жатыр.

Мектеп пен балабақшаларда күн сайын таңертең тексеріс жүргізіледі: тәрбиешілер мен дәрігерлер балаларды қарап, ата-анасымен сөйлесіп, ауырып тұрғандарын үйіне қайтарарады. Білім беретін мекемелерде дәрігер жағы жеткілікті», – дейді Ләйла Иманғалиева.

●

САНАВИАЦИЯ

Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасына іргеміздегі Алматы облысындағы Балқаш ауданының орталық аудандық ауруханасынан 35 жастағы ер адам санитарлық авиациямен шұғыл жеткізілді.

Науқас өткен айда Қапшағай – Бақанас тас жолында болған автокөлік апатынан ауыр зардап шеккен екен. Дәлірек айтсақ, кеуде қуысына зақым келген, қол-аяғы, жамбасы сынған. Мультидисциплинарлық команда – реаниматолог, травматолог, кардиолог, нейрохирург, реабилитолог және басқа да мамандар науқасты қарап шығып, екі кезеңде хирургиялық ем жүргізуге шешім қабылдады.

Бірінші кезеңде жамбас сүйегін интрамедуллярлы тірекпен; тізе қабын; жамбас буындарын остеосинтездеу; ал екінші кезеңде сол қолдың білек және шынтақ сүйектерін интрамедуллярлы тірекпен; оң қолдың шынтақ сүйегін интрамедуллярлы ті-

КӨПСАТЫЛЫ ОТА

Бес сүйек сегментіне сәтті
операция жасады



ректен остеосинтездеу отасын жүргізді. Операциядан кейінгі кезең асқынусыз өтті.

Барлығы 5 сүйек сегментіне ота жасалған. Қазір науқас тірек-

арбаның көмегімен жүріп-тұрады. Үйіне шығарылды.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ӘСЕРДІ АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасы аумағын сәулеттік-жоспарлау ұйымдастыру» түсіндірме жазбасы;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасының тірек жоспары;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» жобасы аумағын кешенді қала құрылыстық бағалау схемалары;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» құжатын іске асыру кезінде қоршаған ортаға, адам өміріне және (немесе) денсаулығына ықтимал әсердің жалпы сипаттамасы;
- «Алматы қаласының бас жоспарына түзету енгізу» құжатын іске асыру жоспарланған аумақтың сипаттамасы.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Алматы бас жоспары» Ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты: Алматы қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

- 1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
- 2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?
- 3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
- 4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025–2040 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: Жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күні.

Байланыс деректері:
Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.
Экологиялық мәдениет және саясат департаменті.

Тел.: 8 (7172) 74-02-83, 74-08-90
e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz
Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекенжайға жіберуге болады. Министрлік Кеңесінің мекенжайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7 (7172) 74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған: Министрліктің сайтында («Қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі);

Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының сайтында («Құжаттар»).

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№4/675-1529 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 қарашадағы №42.1-42.09/1154-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мектеп салу үшін «ИНТЕРЭКС и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Алатау ауданы, 20 шағынауданы, 48 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-032-378), ауданы 2,0922 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

- Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек.
- Бөлмені желдету керек.
- Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
- 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)

- Дәрігер шақыру.

- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ

104



Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» КМК директоры лауазымына конкурстық іріктеу өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№4 Қалалық емханасы» КМК байқау кеңесі директор лауазымына іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу мерзімдері: Басталуы 09.12.2025 ж. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі 24.12.2025 ж. (*Алматы уақыты бойынша*) сағат 13.00-ге дейін. Әңгімелесу кандидаттарды қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде (*әңгімелесу кестесіне сәйкес*).

Конкурстың өтетін орны: ҚР, 050043, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» ш/а., 12-үй (*4-қабат, 407-кабинет*).

Кәсіпорынның атауы: Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№4 Қалалық емхана» КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Кәсіпорынның орналасқан жері: ҚР, 050043, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» ш/а., 12-үй, телефон: 8 (727) 312-24-75, эл.пошта: polclinic4@med.mail.kz

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау.

Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері:

Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқару шешімдеріне, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Білуі керек:

ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексын, ҚР Еңбек кодексын, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексын, ҚР «Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» кодексын, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаттының болуы; басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейіні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері: «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай құжаттар:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірме не жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

б) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін конкурс жариялаған Кәсіпорынға электронды түрде polclinic4@med.mail.kz мекенжайы бойынша құжаттарды тапсырады.

Құжаттардың түпнұсқалары сұхбат басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда, тұлға сұхбаттан өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы оның біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (*біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар*) ұсына алады.

СЕМИНАР

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2025 жылдың3 желтоқсанында Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ғимаратында «2026 жылдан бастап ҚҚС-қа қатысты Салық кодексіндегі өзгерістер» және «ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою» тақырыптарында түсіндіру семинарын өткізді.

Семинар барысындағы баяндамашылар: Алматы қаласы бойынша МКД жанама салықтарды әкімшілендіру басқарма басшысының міндетін атқарушы Д.Д.Ибрахим, Жетісу ауданы бойынша жанама салықтар бөлімінің басшысы Л.С.Хлыбова, сондай-ақ Алатау ауданы бойынша жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімінің басшысы К.А.Каменов баяндама жасап, салық төлеушілердің сұрақтарына жауап берді.

Семинарға Алматы қаласының салық төлеушілері мен танымал блогерлер қатысты.

Т.С.ЖҰМАБЕКОВ,

Алматы қаласы,

Наурызбай ауданы бойынша

МКБ-ның бас маманы.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 2 ақпан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 176 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе, немесе land@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 16 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10** телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 2 ақпан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 438 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 16 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10** телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –

Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



СПОРТ – ДОСТЫҚ АЛАҢЫ

Тоғызқұмалақтан қалалық турнир өтті

ҚР ҰҚК Шекара академиясының ғимаратында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен және Алматы мәслихатының «Ынтымақ» депутаттық тобының қолдауымен тоғызқұмалақтан қалалық турнир өтті.

Турнир Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды. Жарыста ҚР ҰҚК Шекара академиясының және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ЖОО әскери кафедраларының курсанттары, Ұлттық ұлан сарбаздары және басқа да әскери құрылымдардың өкілдері бақ сынады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Руслан Қалиоллаев іс-шараның мақсаты ұлттық ойындарды насихаттай отырып, ведомствоаралық өзара әрекет-

тестікті нығайту екенін айтты. Сонымен бірге, патриотизмді дамыту және қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауды көздегендерін жеткізді.

Ал Алматы мәслихатының депутаты, «Ынтымақ» депутаттық тобының жетекшісі Қарашаш Жүзеева әскери адамдар үшін тоғызқұмалақ ойнау ой-сананы дамытуға оң әсер ететінін атап өтті.

– Тоғызқұмалақты көшпенділердің алгебрасы деп атаған. Себебі, ол адамның логикасын, ойлауын өте жақсы дамытады. Ал сарбаздар қиын сәтте ең тиімді шешім қабылдай білуі керек. Ойлау қабілеті жақсы дамыған болуы қажет. Ал оған тоғызқұмалақ көмектесетіні сөзсіз, – деді ол.

Еске салайық, биыл 17–23 қараша аралығында Алматыда екінші рет жасөспірімдер арасында тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты өтті. Оған дүние жүзінің 21 мемлекетінен 180-ге жуық ойыншы қатысты. Тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты шахматтағы секілді классика, рапид және блиц форматтарында ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ БОЧЧА

ҚХА ерекше сайысқа бастамашылық етті

Турнир Алматы қаласы мәслихатының «Ынтымақ» депутаттық тобы мен Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ серіктестігімен жүзеге асырылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, спорттық фестивальдің мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер арасында спортты насихаттау.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы, боччадан Алматы федерациясының президенті Мейіржан Отыншиев турнир алғысөзін айтты.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы биыл 30 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Шынында, бұл ешбір елде жоқ ерекше саяси институт. Еліміздегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосып келеді. Сондай-ақ, мәслихаттар депутаттарының қолдауымен елімізде алғашқы болып «Ынтымақ» депутаттық тобы құрылды. Ол ҚХА жұмысына қолдау білдіреді, – деді ол.

Мейіржан Отыншиев бочча спорт Алматыда қарқынды түрде дамып жатқанына тоқталды. Оның сөзінше, бұған дейін боччадан өткен Республикалық турнирде алматылық команда бірінші орын алған.

– Кейінгі екі жылда бұл спорт түрі өте жақсы келе жатыр. Жақында ғана ел чемпионатындағы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алдық. Бұл бағыттағы жұмыс осымен тоқтамайды, әрі қарай да дами береміз. Федерация құрып, оны аккре-

диттедік. Алматы спорт клубында бочча бөлімін құрдық. Жергілікті бюджеттен тікелей қаржыландыру бар. Алматы әкімдігі мен қалалық мәслихаты қолдауды жалғастырады. Енді Паралимпиада орталығын және бочча орталығын салу мәселесін қарастырып жатырмыз, – деді ол.

Боччадан Алматы федерациясының атқарушы директоры Асан Итеновтың айтуынша, бұл Паралимпиадалық спорт түрі ерекше қажеттілігі бар адамдардың жан-жақты дамуына көмектеседі.

– Бочча – бұл мүгедектігі бар адамдарға арналған доппен ойнайтын ойын, боулинг, петанк және керлингке ұқсас. Паралимпиадалық спорт түрі, ойын қорты өтеді. Боччаның ерекшелігі – бұл жарақатқа қауіпсіз спорт түрі оны орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануы мен омыртқа жарақаты бар адамдар да ойнай алады. Ойын дәлдік пен жинақылықты талап етеді, тактикалық ойлауды дамытады, шапшаңдықты, дәлдікті, төзімділікті және қозғалыс үйлесімділігін жетілдіреді, – деді ол.

Айта кеткен жөн, ойын ережесі бойынша алаңға тасталған ақ допқа (атауы – Джек) спортшылар өзінің көк не қызыл добын жақынырақ тастауы керек. Қай спортшы дәлірек болса, сол жеңіске жетеді.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



Алматыда ерекше қажеттілігі бар Адамдар арасында Паралимпиадалық спорт түрі – боччадан қалалық турнир өтті. Бұл жарыс Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды.

